ӘОЖ 101.1 https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5849.02

Бекжан Мейірбаев, Әсет Құранбек,
Таиржан Оразхан (Алматы, Қазақстан)

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Аннотация. Мақалада философия мен поэзия арақатынасы мәселесі философиялық білімнің табиғаты, дүние болмысын зерделеудегі философиялық танымның өзіндік ерекшелігі және болмыстанудағы сөз өнері, оның философиямен байланысы, сондай-ақ олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылық мәні әлемдік философияның дамуы мен отандық әдебиеттану ғылымындағы өнер болмысын зерделеудің теориясы мен методологиясы негізінде пайымдалады. Поэтикалық ойлау мен адам бойындағы рәміз тудырушылық қабілетінің дүние болмысын зерделеу мен шындықты бейнелеудегі рухани негіздерінің бір екендігі сараланып, бүгінде олардың поэзияда біршама жақсы сақталған қасиеттер қатарына жататыны бағамдалады.

Түйін сөздер: философия, болмыс, поэзия, тіл, логика, поэтикалық ойлау, сезімдік таным, суреткерлік түйсік, рәміз.

Кіріспе

Аристотельдің пікірінше, метафизика немесе алғашқы философия болмысты, оның әртүрлі қабаттарын, әртүрлі құбылыстардың себебін зерттейді [Аристотель 1978]. Сондықтан ол гректің тұңғыш табиғатты зерттеуші ғұламаларын (мысалы, Фалестің дүниенің бастауы, әрі түпнегізі – су деп шешкеніндей), олардың материалдық себепке (неден жасалған?) ғана мән беріп, өзге тиімді себеп, формальді себеп және мақсатты немесе қорытынды себепке мән бермегендеріне қарамастан оларды алғашқы философтар деп есептеді. Себебі олар ең бірінші болып болмыс сырына, дүние жаратылысына мифологиялық танымнан бөлек, ақыл-ойға негізделген рационалдық таным тұрғысынан үңілген жаратылыстанушы ғалымдар еді. Яғни Фалес, Анаксимандр, Анаксимен сияқты милет мектебінің өкілдері, Гераклит, Пифагор, Эмпедокл сияқты көне грек ойшылдары сол кезге дейінгі мифологиядағы дүниенің пайда болуы туралы идеялармен келісе отырып, дүние жаратылысы әуелгіде неден бастау алған, ең бірінші не жаралған, қалай жаралған, барлық нәрселердің түпнегізі не болып табылады деген сауалдарды қойып, табиғат құбылыстарының сырын зерделеп, дүниенің объективті заңдылықтарын тануға ұмтылды. Сонымен қатар олар дүниенің түпнегізі, сондай-ақ бастауы деп жекелеген стихияларды (су, от, ауа, топырақ т.б.) санай отырып, алғашқы рет философия үшін маңызды сұрақты қояды. Яғни, дүниенің шынайы мәні дәл біз көргендей ме (яғни қалай көріп, қандай қабылдасақ), жоқ ол шын мәніне басқаша ма? – деген мәселені де көтереді. Осының нәтижесінде дүниені алғашқы философиялық пайымдау мен ғылым пайда болады. Ғылыми медицина қалыптасады. Өнер болмысын зерделеу жолға қойылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда қолданылған ғылыми-әдістердің бірі герменевтикалық талдау тәсілі. Ақын шығармаларындағы көркем образды мәтіннің астарындағы философиялық толғаныстардың семиотикалық мән-мазмұнына осы әдіспен тереңдеуге болады. Тағы да қолданылған әдістердің

бірі тарихи-компаративистік тәсіл, себебі автор шығармашылығындағы адам мәселесін зерделеу адамзат тарихындағы әрдайым өзекті әрі уақыт, мекен (кеңістік) шектеулеріне бағынбайтын кеңдігімен ерекшеленетін, бірінен-бірі туындап, бірімен-бірі сабақтасып жататын, себеп-салдарлық байланыс арқылы жүретін даму заңдылықтарына негізделеді. Жалпыадамзаттық құндылықтарды, қазақ халқының рухани құндылықтарымен салыстыра отырып зерттеуде аксиологиялық талдау мен шығарма авторының тұлғалық болмысын тануда оның ғұмырбаяны мен бүкіл шығармашылығының бірлігі, тұтастығы негізін басшылыққа алатын биографиялық әдіс және логикалық-тарихи, жүйелеу және т.б. принциптерге де жүгіндік.

Философияның пайда болуы және философиялық білімнің негізгі сипаты

Бұл мақалада «философия дегеніміз не, философиялық білімнің табиғаты қандай, философиялау, философиямен шұғылдану дегеніміз нені білдіреді, философия мен поэзияның арасында қандай байланыс бар, оларды не біріктіреді, айырмашылығы неде?» деген сауалдарға жауап іздеп көрмекпіз. Философия – мәңгі және үнемі өзгерістегі дүние болмысын тану, барлық заттар мен құбылыстардың себептілік байланыстары мен принциптерін айқындауға бағытталған, дүние мен адамның тұтастығы, өмірдің мәні туралы, адамның әлемдегі орны, оның парасаты мен адамгершілік қасиеті туралы ілім. Философия «әлем-адам» жүйесінің тұтастығын ескере отырып, табиғаттың, қоғамның және ойлаудың жалпыға ортақ даму заңдылықтарын, сондай-ақ адам болмысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алғандағы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қарастыратын дүниені танудың айрықша формасы.

Сонымен қатар ағылшын оқымыстысы әрі философы Энтони Кенни пайымдағандай, «философия – ғылым емес, оның өнерге де таласы жоқ. Философия – білім көкжиегін кеңейту, әлем туралы жаңаақиқаттарды ашу туралы мәселе емес; басқаларда жоқ ақпарат философта да жоқ. Философия – білім мәселесі емес, түсінік мәселесі, яғни бұрыннан таныс нәрсені жинақтау» [Кенни 2018, 13 б.]. Яғни Кеннидің ойынша, философияның мәні түсінуде. Себебі өз ілімін іргелі онтология деп атаған неміс философы Мартин Хайдеггердің пікірінше, болмыс пен мән бір нәрсе емес. Болмыс дегеніміз бар нәрсені қамтыса, мән ол жекелеген заттар мен құбылыстарды білдіреді. Сондай-ақ болмыс дегеніміз – экзистенция. Яғни Хайдеггер үшін болмыстың ішіндегі ең маңыздысы адам болмысы, адамның ғұмыр кешуі, өмір сүруі, тіршілік етуі болмақ. Сондықтан да неміс ойшылы болмыс туралы сұрақтың, айналып келгенде «Адам дегеніміз не?» деген сауалға келіп ұласатынын айтады. Сонымен бірге, адамнан тысқары әлем, дүние заттарын жоққа шығармаса да, оларды адамнан бөлек өз алдына қарастырудың да еш мәні жоқтығын түсіндіреді. Ол әлемді – адам үшін өмір сүретін, ол тіршілік ететін әлем не адамдағы әлем деп қарастыруды ұсынады. Себебі әлем – ондағы тіршілік ететін адамның оған деген қызығушылық, қамқорлық сияқты адамшылық қарым-қатынасының арқасында ғана болмыстық мәнге ие болмақ. Басқаша айтқанда, Хайдеггерше болмыс дегеніміз тұтастай алғандағы тірлік және тірлік сол болмыста. Оның сөйлегені жинақтаумен тең. Яғни болмыс дегеніміз тірлік

болғанда, философияның зерттейтіні ғылымдағы мен өнердегі дүние жайындағы пайымдауларды біріктіру арқылы, болмыстың сырын, адам өмірінің мәнін, яғни не нәрседе болсын, мәселенің мәнісін түсіну болып шықпақ. Және де тірлік болмыста болғандықтан, Энтони Кеннидің ойынша, философиялық мәселелер де мәңгілік. Көне Грекия ойшылдарын толғандырған сауалдар бүгін де өзекті. Дүние, тіршілік барда, бұл тұрғыдағы пікірталастар да ешқашан толастамақ емес. Сондай-ақ Кеннидің пайымынша, көне заманалар мен орта ғасырларда философияның бір бөлігі саналған көптеген ілім-білімдер бүгінде дербес ғылымға айналғанына қарамастан, тұжырымдамасы айқындалмаған және тәсілдері қарама-қайшы пәндер қай заманда да философиялық болып қала бермек.

Философияның пайда болуы адам баласының өзін өзі тануға, айнала дүниені қабылдауының миф пен діндегіден өзгеше танымы, дүниеге деген көзқарасының қалыптасуымен сәйкес келеді. Яғни философияның пайда болуы, неміс философы Карл Ясперс «Кіндік кезең» деп атаған б.з.д. 800-200 жылдары Үнді мен Қытай және олардан кейін Грек жерінде адамзат ақыл-ойы дамуының мифологиялық кезеңнен – рухани ояну, рух сілкінісінің нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жан мен тәннен жоғары рухтың пайда болуымен байланысты адам баласының дүние жаратылысы, адам өмірінің мәні, қоғам мәселелеріне байланысты мифологиядағы мен діни танымға негізделген түсініктерге бас шұлғи бермей, адам рухының еркіндігі жарқырай түсіп, дүние болмысына рационалдық тұрғысынан жаңаша қарауға бетбұрыс жасауы болатын.

Ал философиялау деген не, философиямен шұғылданудың мәнісі неде дегенге келсек, мұндай сауалдарға ешбір ғылым, сондай-ақ философиядан өзге қоғамдық сананың ешбір формасы адам баласын иландырып, танымын қанағаттандырар әмбебап жауап тапқан емес.Ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің «Философия жайынан» атты мақаласында: «Бұрын ғылым көп тарауға бөлінбей тұрған уақыттағы айтылған шын деген жолдар философияның шын, шын емес деуіне байланушы еді. Себебі: тапқан жолын қолға ұстатып, көзге көрсетіп, дәлелге сүйей қоярлық дәлшіл ғылым жоқ болатын; ол күнде философия бар ғылымның қазысы болып тұрды. Бұл уақытта ғылым көп тарауға бөлінді. Әрқайсысы өз ізденген жолындағы хақиқатын өзі таппақ. ...Бірақ сонда да философияның керегі мол. Себебі өзге ғылымдардың бәрі де бірбеткей болып өзді-өз жағына кеткенде, әр қайсысы өз алдын ғана көретін аудансыз тар соқпақтың үстіндегі ғылымдар болып табылмақ. Бұлардың тапқанының бәрін жиып, қорытып жаңадан жөн тауып, жол салып адамның ақылын тәрбиелейтін бір ғылым тағы керек. Ол ғылым – философия», – деп жазғанындай, философия қай заманда да, «кейде оның әр ғылымның тапқанын қорытам деп жүріп, өзінің жеке ғылымдығынан айырылып, бірбеткей бір-ақ ғылымның жетегінде кетіп қала жаздаған кездері болғанына» қарамастан, ғұлама ғалым бағамдағандай, сол жөн тауып, жол сілтерлік әдістемелік маңызын жоғалтпай, «кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейтін ғылым», «адамшылық жолында қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» [Әуезов 1997, 81 б.] болып келе жатыр.

Философия мен поэзияның арасында қандай байланыс бар?

«Философия мен поэзияның арасында қандай байланыс бар?» деген сауалға келсек, ол Аристотель көрсеткен поэзияның философияға ұқсас жалпылық сипатында дер едік. Ең алғаш болып өзінің «Поэтикасында» ғылым мен поэзияны салыстыра келіп, соңғысының философияға жақындығын көрсеткен Аристотель «Атап өткен жайлардан, – деп жазады, – айқын аңғарылатын нәрсе: ақынның міндеті – ақиқат болып өткенді әңгімелеп беру емес, болуы мүмкін жайларды, яғни қажеттілік немесе ықтималдық бойынша мүмкін жайларды айтып беру. Тарихшы мен ақынның бір-бірінен айырмашылығы бірінің белгілі бір өлшеммен жазатындығында, екіншісінің оны қолданбайтындығында ғана емес, басқада, Геродот туындыларын өлеңге айналдыруға болады, бірақ, бұған қарамастан олар өлшемсіз де, өлшеммен де, қалай жазылса да бәрібір тарих болып қала береді; алайда, олар (тарихшы мен ақын) бір-бірінен біріншісі – ақиқат болып өткенді айтуымен, екіншісі болуы мүмкін жайды әңгімелеуімен ерекшеленеді. Осы себепті де поэзия тарихқа қарағанда неғұрлым философиялық мәнге ие және байыптырақ: поэзия неғұрлым жалпыға ортақ жайларды айтса, тарих дара, жекелік жайларды сөз етеді. Бұдан шығатын қорытынды: ақынның белгілі бір өлшемді ұстанғанынан гөрі неғұрлым фабула түрлендіруші творчестволық тұлға болғаны жөн, өйткені ол өзінің еліктеуі арқылы өмірді қайта танытатын ақын, ол қимыл-әрекетке еліктейді. Ол тіпті ақиқат болған жайды бейнелеген жағдайда да ақын болып қала бермек, өйткені, ақиқат болған оқиғалардың кейбірінің ықтималдық және мүмкіндікке орай өзгеріп, басқаша сипат алуына ештеңе де бөгет бола алмайды, міне осы тұрғыда ол (ақын) – сол өзгерістерді жасаушы творчестволық тұлға» [Нұрғали 2003, 15 б.].

Яғни ақынның міндеті, Ахмет Байтұрсынұлы пайымдағандай: «Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, хақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді» [Байтұрсынов, 2013], демек ақындық өнері болған оқиғаны болған күйінде емес, оның қалай болуы мүмкін еді жөнінде айту немесе өмірді көшіру емес, оның жалпы мағынасын ашу. Басқаша айтқанда, тарихшы болған нәрсе туралы, ақын алдағы уақыттағы болатын мүмкін нәрсе туралы жинақтап баяндайды. Немесе, профессор Нәзигүл Мұсаева пайымдағандай, суреткерлік түйсік арқылы «өткен менен кеткенді, бүгін мен ертеңді, кейіннен келер күндерді жыландай ғылып, жымын білдірмей өріп шығады» [Мұсаева 2014, 139-154 бб.].

Мағжан Жұмабайұлы да: «Саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасында көпір салуға міндетті» [Нұрғали 2003, 36 б.] дейді. Бұл Мартин Хайдеггердің «Гераклиттегі «En panta» – «Бір (арқылы) бәрі». Оның мағынасы жалғыз ғана бір өзі, бүкіл бәрін біріктіруші. Бүкіл тірлік дегеніміздің мағынасы – бір болмысты. Бүкіл тірлік болмыста, анығырақ айтқанда, болмыс дегеніміз – тірлік, бар болу. Ол тірлікара құбылыс арқылы сөйлейді және сөйлегені жинақтаумен тең. Болмыс дегеніміз жинақтау, яғни логос» [Хайдеггер 2006, 135 б.] деген пайымдауымен сәйкес келеді.

«Философия мен поэзияны не біріктіреді, айырмашылығы неде?» деген сауалдарға келсек, философия – қарабайыр түсініктегі «шынайы өмірден қол үзген, қатаң рационалдық қағидаларын басшылыққа алған», «нақты ғылым ба еместігі белгісіз», «абстрактілі ұғымдар, идеялар, күрделі түсініктер мен категориялар жиынтығы» емес, ол Мұхтар Әуезов пайымдағандай: «...кірісетін жері қолға ұстанып, көзге көрсетерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар» аймағы, «кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейтін ғылым», «адамшылық жолында қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ», «философияның көздеген мақсұдына жетерлік басқышы өзге дүниауи ғылымдар» [Әуезов 1997, 81 б.]. Ал әдебиет, оны жасайтын қаламгер тұлғасы, ақын Фариза Оңғарсынова бағамдағандай: «Халқымыздың рухани бірлігін сақтап келе жатқан өмірдің алтын қазығы». Талантты ақын «Халық дегеніміз, – дейді, Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған мақаласында, – кейбіреулер айтып жүргендей бір өңірдің ғана тұрғындары емес, ол жалпақ жатқан даланың әр бұтасын паналап, аптап пен желге тотығып, күнінен бұрын ажарын әжім жеген қазақтар. Әншейінде бастары да, ой-пікірлері де бір жерден шықпай пышырап жүреді деп өзіміз кінәрат артып жүретін қазақтар. Осылай, шашырап жүріп күн кешкен халықты Жердің тартылыс заңындай бір арқада түйістіріп көзге керінбейтін күштермен матастырар, бірі-бірін сағындырар, жоқтатар құдірет – алтын қазық тұлғалар. Халқымыздың тарих шежіресіне көз салып қарасақ, осындай алтын қазық тұлғалар елдің рухани бірлігі мен тірлігін сақтап қалған» [Оңғарсынова 2016].

«Философияның поэзияда жеңілірек тыныстауы»

Бұл мәселеде «философия мен поэзияның арасында қандай байланыс бар, оларды не біріктіреді, айырмашылығы неде?» дегенге қатысты, академик Ғарифолла Есімнің «Сана болмысы» философиялық шығармасындағы «Поэзия мен философияның сәйкес келу сәттері» атты зерттеуіндегі поэзия мен философия болмысы, сезімдік таным, оның поэзияға қатыстылығына тоқтала кеткен абзал. Ғалым бұл зерттеуінде философияның дүниенің өзгеруінің жалпы заңдылықтарын зерттейтін білім саласы екенін айтып, бірақ бұл жалпылық сипаттың жеке-жеке білім салаларын мансұқ етіп, жоққа шығару емес, керісінше оларды қажет етіп тұратын сипатта екеніне тоқталады. Оның себебі, қандай болмасын істің, құбылыстың, заттың жалпы қасиеттерімен қатар оның нақтылы көріну формасының болатынын және мәселенің өзі осы жалпы мен жекеде екенін түсіндіреді. «Адам санасы мифтік дүниетаным құрсағында болған кезде, – деп жазады ғалым, – шындық туралы философиялық түсінік негізінен образдар арқылы бейнеленді. Өзін қоршаған ортаны меңгеруде алғашқы адамдардың таным тапшылығы дүниені образдар арқылы тану қажеттілігін туғызды. Қандай халықтың болмасын мифтерінің поэзиялық сипатта болуы сондықтан. Яғни поэзия философияға қарағанда «көне» – өнер саласы. Бірақ кейін келе философияның өзін дүниеге әкелген түпнұсқаның бірі – поэзия екені «ұмыт» болды. Ендігі жерде поэзия әуел бастағыдай өзіне ғана тән буырқанған қиял құшағында қала берсе, философия логикалық ғылым болып қалыптасты. Бірақ ол дүниенің ең жалпы заңдарын зерттейтін ғылым болғандықтан, барлық білім салаларына ортақтығын

сақтай отырып, әсіресе өнерде, оның ішінде поэзияда жеңілірек тыныстайтын болды. Себебі поэзияның шегі де, шекарасы да жоқ. Поэзия назарынан тыс қалатын құбылыс жоқ. Ақын жырламайтын тақырып жоқ. Поэзия адам бар жердің бәрінде бар. Поэзияның сарқылмайтыны, уақыт өткен сайын тереңдей түсетіні де сондықтан. Поэзия заңдар, заңдылықтар жүйесінен емес, сезім, қиял еркіндігінен туады. Міне, осы жерде поэзия мен философия туысып жатыр. Философияда сезімдік таным, логикалық таным деген түсініктер бар. Осы тұрғыдан келгенде поэзия гносеологияның сезімдік формасына сәйкес келеді. Бірақ бұдан поэзия сезімдік, ал философия логикалық таным формасы деген бір жақты түсінік тумауы керек. Поэзия өзегі логика емес, сезім. Ал сезімге келсек, оның өз ішкі логикасы бар. Сондықтан танымды сезімдік, логикалық деп бөлшектеу, оның табиғатын түсіну үшін қолданылатын шартты ұғымдар деп қарастырған жөн».

Ғарифолла Есім осы зерттеуінде «Сезімді, – дейді, – таным сатысының төменгі сатысына жатқызуға болмайды. Ол адам қасиетін білдіретін рухани құбылыс. Поэзияда сезімдер арқылы ой толғау, тіптен философиялық концепциялар айту бар. Бірақ соның бәрі лирика табиғатына, сезім философиясына, белгіліліктен белгісіздікке, айқын ұғымнан интуицияға, нақты суреттен қиялға тартып тұрады. Поэзия жарқыратып дүние анау еді, мынау еді деп философия секілді нақпа-нақ түсіндіріп жатпайды. Ойлылық образдылықпен тұтас келеді. Ақын ақын емес адам өздігінен сезінбегенін сезінеді, байқамағанына назар салады, елеп-ескермеген болмыс көрінісіне зер салады. Адам зердесі қалыптасуына поэзия негізгі фактор. Зердесіз жан дейді халқымыз кейбір адамдарды, ойлаймын ондай адамды санасыз адам деп айтуға болмайды. Ол ғалым да, білімді маман да болуы мүмкін. Поэзияны оқымай өмір сүруге, тоқ жүруге, семья құруға, қызмет істеуге әбден болады. Бірақ егер әлем әсемдігін, үйлесімдігін, адамдар еңбегінен туған әуен гармониясын, қысқасы өзіңді-өзің ұққың келсе, көкірегіңді ашқың келсе поэзияны қажет етесіз» [Есім 1996, 105 б.].

Поэзия мен философияға ортақ тағы бір маңызды мәселеге тоқталар болсақ, ол шығармашылық болмысы, поэтикалық ойлау және ақындық қасиетке байланысты дер едік. Адамзат баласының ақыл-ойының дамуы, санасының жетіліп, абстрактілік ойлауға машықтануы сан мыңдаған жылдарға созылған тарихи кезеңдерді қамтиды. Оның ойға зерек перзенттері адам баласының дүниедегі бейтаныс, тылсым әлемде жүргендей сезінген тіршілік дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап әр нәрсені тәптіштеп танып білуге талпыныс жасады. Әр нәрсеге атау берді. Әр құбылысқа мән беріп, олардың неліктен солай болатындығы жайында толғанды. Адам санасының, миының жетілуіне орай оның танымы да күрделене түседі. Адам ойында жалпы мен жалқыны ажырату, бір-бірімен салыстыру, басқаша айтқанда ол логикалық операцияларға: жалпылауға, жіктеуге, ұқсатуға машықтана бастады.

Тарихи қалыптасқан силлогистикалық өнер түрлері

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше тіл мен логика, таным мәселесі және өнерге қатысты «өзіндік ішкі қисынын иеленген» дейтін сезімдік таным да адамның ақылы, саналылығы, парасаттылығымен байланысты. Ойшыл «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатында» былай дейді: «Бұдан әрі ешкім «со-

фистика» мен «еліктеу» екеуін төркіндес санамауы тиіс. Керісінше, олар кейбір арақатыста ерекшеленеді. Ең алдымен олардың мүддесі әр түрлі: софист тыңдаушы санасында болмыстан тыс, оған қайшы қайдағы бір елес туғызады; сондықтан, ол бар нәрсе жоқ, жоқ нәрсе бар деп ойлайды; ал оған қарама-қарсы еліктеуші (ақын) тыңдаушысына үйлесімге орай ой түюге жетелейді. Оған сезім шарапатын тигізеді. ...Кейде қайдағы бір әрі-сәрі дәлдүріштердің нағыз шебердің туындысына бергісіз керемет өлең шығаруы таң қаларлық емес. Бірақ оның себебі тек сәйкестік пен кездейсоқтықтан деп білген дұрыс, ондайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтындардың сапына жатқызуға әсте болмайды» [Нұрғали 2003, 20 б.].

Тіл туралы ғылым – грамматика әл-Фараби ғылымдар тізбегінің қашанда басында тұрады. Сонымен қатар ол тіл мен логиканы әрқашан тығыз байланыста, сабақтастықта қарастырған. Оның ойынша тіл ғылымы арқылы адам грамматикалық сауатын ашады, ойын қатесіз жазады, не толық жеткізеді. Бірақ оның нәтижеде дұрыс не бұрыс, пайдалы не зиянды, Ақжан Машани сөзімен айтқанда, анық не танық екендігін ажыратуға үйрететін логика ғылымы. Фарабидің өзіне жүгінсек, ойшыл «Ғылымдардың шығуы туралы» трактатында былай дейді: «Үшінші ғылым – логика. Ол әлі танылмаған нәрсені танитын және не ақиқат, не жалған екені туралы пікіріміз тиянақ табатын тұжырымдар жасау үшін хабарлы сөйлемдерді логикалық фигураларға сай сапқа тізуге үйретеді» [Аль-Фараби 1973, 78 б.]. Сонымен бірге, әл-Фараби бойынша тіл мен логика ғылымдары таным құралдары ретінде де ажырамас байланыста. Ойлау адамның ең басты қабілеттерінің бірі. Адам ойлау арқылы заттар парқын меңгереді. Ойда пайымдалғанды басқа біреуге хабарлау процесінде қолданатын адамның басты тәсілі – тіл, сөз. Фараби ойлау мен сөздің, логика мен тілдің бір-бірінен ажырамас байланысын бір заттың екі жағы ретінде қарастырады. Отандық фарабитанудың көшбасшысы Ағын Қасымжанов Фарабидің логикасы өз бастауын Аристотельдің «Оргонон» еңбегінен алатынын, ойшылдың аталған еңбектің барлық кітаптарын зерттеп, соның ішінде әрбір ұғым, түсінік, Аристотель ойларының өз заманына сай түсініктемесін беру үшін еңбектерді тәржімалау барысыдағы аудармашылар тарапынан болған өзгерістерді ескере отырып, логиканың Стагириттің бірде бір сөзін араластырмаған арабтіліне негізделген сөздігін де құрастырғанын айтады. Ғұламаның Аристотель ізімен логикалық әдістің аподейтикалық, диалектикалық, софистикалық, риторикалық және поэтикалық әдістерін ажыратып, «аподейктикалық әдіс – толық ақиқатқа жеткізеді. Диалектикалық өнердің – басым бөлігі ақиқатқа сай. Софистикалық пайымдау – жалған болып келеді. Риторикалық әдіспен жалған да, ақиқат та берілсе, поэзия – адамның қиялына, елестету күшіне сәйкес деп білгенін атап көрсетеді. Ғалым «Силлогистикалық өнердің түрлері, – дейді, – тарихи қалыптасқан және олар танымның әдістері қызметін атқарады. Индивидтердің тарихи дамуында бірінші болып поэтикалық және риторикалық әдістер, содан соң диалектикалық әдістер пайда болған» [Касымжанов 1982, 194 б.].

Бұған қарасақ, поэтика – сөз өнері ғана емес, ол адамзат танымының ең көне түрі, ойлаудың өзіндік қисынын иеленген формасы, логикалық әдісі. Философияға да, оның басты танымдық құралы логикаға да, поэтикаға да жалпылық тән. Поэтика (грек тілінде poietik fehne – шығармашылық өнер) – бүгінгі күні әдебиеттанудың

пәні, көркем шығарма құндылығын бар болмысымен айқындайтын жүйе туралы ғылым. Зерттеушілердің пікірінше, поэтикадағы басты мәселе – композиция, яғни, барлық эстетикалық мәні бар элементтердің бір-бірімен үйлесім-үндестігі.

Қазақ әдебиеттануында Ахмет Байтұрсынұлы поэтика ұғымын «қисын» деп алады. Ол тіл қисыны яки лұғат қисынына сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу деген анықтама береді. Шығарманың өңді, ұнамды болу шарттарын белгілейді: ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды» [Байтұрсынұлы 2013, 162 б.]. Ахмет Байтұрсынұлының поэтиканы «қисын» деп алуының мәні – халықтық таным тамыры мен әл-Фараби ден қойған ғылым бастауларының бірлігі, сезімдік таным сырының тереңдігін де көрсетсе керек.

Поэзия және адамның рәміз тудырушылық қабілеті

Ал поэтиканың адамзат танымының ең көне түрі, ойлаудың өзіндік қисынын иеленген формасы болатын себебіне келсек, ол адам баласының рәміз тудырушылық қабілетімен байланысты деп есептейміз.Неміс философы Эрнст Кассирер миф турасында толғана келіп, «мифтердің ешуақытта жоғалып кетпеуінің мәні неде, адамның әрдайым мифке қайта-қайта оралуы неліктен?» – деген сауал қояды. Мысалы, Аристотель адамға, оның жан-жануарлар тәрізді емес, қауымдасып өмір сүруге жаралғандығына орай, «саяси жануар» деген анықтама берсе, әл-Фараби адамды «мадани хаиуан» деп анықтаған болатын. Эрнст Кассирер болса адамды «рәміздік жануар», «рәміз тудырушы тіршілік иесі» деп анықтайды. Себебі мәдениет дегеніміз адам қолымен жасалған, оның іс-әрекеті нәтиежесіде өмірге келген «екінші табиғат» (Карл Маркс). Оған қоғамдық сананың барлық формалары кіреді. Яғни, отбасынан бастап, білім, ғылым, дін, экономика, саясат сияқты бір жағы әлеуметтік институт болып табылатын құрылымдардың барлығы рәміз, символдар болып табылады. Адам айнала дүниені танып-біледі, оларға атау береді. Кассирер осыған орай, құлағы естіп, көзі көрмейтін, сөйлей де алмайтын Элен деген қыз тағдырымен байланысты мысал келтіреді. Жаңағы қыз таң ертең күтуші әйел өзінің беті-қолын жуатын су мен ішетін сусынының ешкім оған атын атап, түсін түстеп бермесе де олардың бір зат екенін түсініп, оған өз санасында ат қойып алады. Қыз оны кейіннен арнайы мекемеде емделіп, тілі шыққанда айтып береді [Орешкин 2013]. Осыған орай, Эрнст Кассирер, «адам, – дейді, – оның символикалық қабілеті артқан сайын шынайы өмірдегімен бетпе-бет келіп, оған ешқандай қарсы тұра алмайды, физикалық нақтылықтан мейлінше алшақтай береді. Ол өмірдегі қатаң фактілер арасында да, не тікелей мұқтаждықтары, ықылас, тілектерімен ғана да өмір сүре алмайды. Ол өзінің арман, тілек, үміт, күдіктен тұратын, бірдеңені жоғалтып алам ба деген қорқыныш билеген қиял мен мұңға толы бұлдыр, сағым әлемінде өмір сүреді» [Кассирер 1988]. Осындай жағдайды ескерген Кассирер адам мен нақты шынайылық арасында бір дәнекер қажет, ол – миф деп есептеді. Саяси мифтер туралы көп зерттеген ойшыл коммунизм, фашизм сияқты режимдердің пайда болуы, олардың халықты соңынан ертуі т.б. адами тұлға құрылымының осы мифке сәйкес құрылғандығымен түсіндіреді.

Антикалық мифология, философия, символизм, эстетика, мәдениетті мұқият зерттеп, оның рәміздік негіздеріне ерекше назар аударған ғұлама ғалым Алексей

Лосев, көне мәдениеттердегі мифтің орны, оның символдық тілінің маңызына тоқталғанда, адамзат мәдениетінің қалыптасуы – адам кеңістігінің тылсым сыры мен парасатты ғалам ретінде ашылуының бастапқы негізі сөзде, есімде паш етіліп, дүниеге, затқа ат қоюда көрінетінін тұжырымдайды. Яғни адамзат мәдениетінің бастапқы негіздері, адамның әр нәрсені танып-біліп, әр құбылыстың мәнін түсінуге тырысқан, оларға ат қойып, есім беруге деген шығармашылық қабілетінің арқасында көне дәуірлерден бастап қалана бастаған. Осының нәтижесінде, яғни сөз, есім, атау, рәміздің арқасында меңіреу дүниеге жан біткен. Мұндай қасиет Лосевтің ойынша, барлық адамда бар. Бірақ ол біреуде күшті болса, біреуде әлсіз, әркімде әртүрлі болады. Соның арқасында адамзат бүгінде біз өмір сүріп отырған замандағы білім, ғылым, дін, өнер, әдебиет, мәдениет, сәулет, экономика т.б. сияқты барша игіліктерді өмірге әкелді. Қазіргі адамға көп нәрселер дайын болғандықтан, оның алдындағы басты міндет, ең бірінші білім, ғылым, өнер, философия т.б. қатысты бүгінге дейінгі адамзат тәжірибесін игеру болып табылады. Сондықтан да қазіргі адам шынайы өмір мен физикалық нақтылықтан барынша алшақтап кеткен. Дайын нәрселерді тұтынып, дайын өнімдерді пайдалану оның бойындағы рәміз тудырушылық қабілетін әлсіретіп жіберген. Ат қою, есім беру дегеніміз, Лосевтің пікірінше, заттармен тікелей қарам-қатынас жасау деген сөз. Оның пайымдауында, әрбір сөз, яғни есім, атау, сонымен бірге рәміз, сол заттың – өзі. Адам бір зат туралы ойлағанда, мысалы алма десек, ол алма деген жалаң сөзді немесе ұғымды емес, нақты алманың өзін ой көзімен көріп, сезім мүшелерімен салмақтап көреді. Басқаша айтқанда, әрбір сөз, әлемдегі сан алуан заттар мен құбылыстардың, мейлі ол әр тілде әр алуан аталсын, сол зат немесе құбылыс туралы ой. Біз бір зат туралы ойлағанда, миымызда түйсіктердің жиынтығы қабылдау нәтижесіндегідей оның тұтастай бейнесі пайда болады.

Лосев бойынша, адамның айнала қоршаған дүниемен байланысы, қарым-қатынасы осы сөз, атау, есім, рәміз арқылы жүзеге асады. «Сөз, – дейді Алексей Лосев, – ақыл-ойымыздың таным-түсінігіндегі заттың дәл өзі». Немесе «Сөз – ол дыбыс емес, бірақ аңғарып, ұғынылған зат, зат болғанда да мән-мағынасы байыпталып, онымен адам қарым-қатынас жасап, тілдесетін зат. Дыбыс немесе басқа нәрселердің барлығы ақыл-ойдағы танып, түсінілген заттың физикалық қасиеттерінің көрінісі іспетті ғана қосымша нәрселер» [Лосев 1990, 177 б.]. Сөздің әсерін ғалым, оның қандай зат, құбылысты бейнелеуімен байланысты, сол белгілеген заттың, Лосев тілінде ноэма, эйдос сияқты мәндік сипаттамаларына қатысты ішкі қуатымен түсіндіреді. Яғни әрбір сөз, символизм принципіндегідей, сол белгілеген заттың өзіндік қасиетіне сай, әсер ету күшін де иеленеді. Сондай-ақ әр сөз жалғыз ғана заттың емес, олардың біріккен қатынасын құрайтын болмысынан тұратын болғандықтан, ол бірнеше затқа ортақ сипат, қасиеттерді де иеленуі мүмкін. Ол адамзат тілінің алғашқы пайда болу кезеңіндегі (дыбыстап үн шығару, ымдап сөйлесу т.б.) және алғаш әр нәрсені соған тиісті таңба арқылы белгілеу, жазу-сызудың қалыптасуында (бастапқыда адам бір зат немесе құбылысты белгілеу үшін оның суретін толықтай салған, кейін ол соларды жетілдіре келіп, әріптік нышандарды жасап шығарған), бастапқыда жеке-жеке зат немесе құбылыстың тек өзін білдіріп, кейіннен олардың жиынтығынан тұратын сөздік құрылымды құрап, соңында тілдегі сөздің құдірет-күші, әсемдігі, бейнелілігі, әуезділігі,

үнділігі, әсерлілігі көрінетін сөз, сөз тіркестері, сөйлем, мәтіндерден құралатын бүтіндей дискурстарға ұласқан тіл болмысының, поэзияда символистер қауымы әсіресе жақсы түсініп, белгілі бір ойды астарлы бейне, көркем образ арқылы жеткізу, шығармаларында тарихи тұлға, мифтік персонаждарға қатысты оқиға, есім, деректерді пайдалану, «сезім жайлы әңгімелеу емес, сезімнің өзін сөйлету» (Шерияздан Елеукенов) сияқты шеберлікпен, адам болмысының оның өзіне де беймәлім терең сырларына бойлап, сезімін тіл өрнегіне түсіру арқылы «жүректен шығып, жүрекке жететін» мәңгілік өнер туындыларын өмірге әкелу осы ішкі қуат, мәндік сипатпен байланысты дүние болмысына жатады.

Қорытынды

Ойымызды қорытындылар болсақ, шығармашылық болмысы, ақындық қасиетке байланысты, затқа ат қою, есім беру, адамның рәміз тудырушылық қабілеті, жоғарыда айтқанымыздай бүгінде әлсіреп кеткенімен (бүгінгі адам көбінде дайын нәрселерді тұтынып, тәжірибені меңгерумен шектеледі), ол ақын-жазушылар мен өнер адамдарының бойында әлі де болса бар қасиет. Қазіргі ғылым мен техника дамыды, адам қолы талай нәрселерге жетті дегенімізбен, қоғамның рухани болмысы, адам өмірінің мәніне қатысты өмір қоятын талаптар күн өткен сайын қиындап, күрделене түсуде. Осындай жағдайда ақын-жазушылар, сондай-ақ өнер иелері сияқты шығармашылық тұлғалардың жай адамдар сияқты емес, дүние болмысының көпшілікке беймәлім, немесе олардың «анық сезініп, айқын бейне беруге қиналып жүрген нәрселерін» (Виссарион Белинский), діннің мифтер мен ритуалдардағы рәміздік тілін (Эмиль Дюркгейм) немесе өзгелер үшін жай нәрсе болып табылатын заттар мен құбылыстардан тәңірілікті танып, діни қатынастардың пайда болуына әсер еткен діни виртуоздар (Макс Вебер) – пайғамбар, әулие, шаман т.б. сияқты, ерекше қасиеттерге ие, Қасым Аманжоловтың: «Екі көз екі жұлдыз маңдайдағы, Көруші ең құбылысты қайқайдағы» дейтініндей, жіті байқағыштықпен кез келген құбылыстан тосын ой түйіп, Людвиг Витгенштейннің «Тілді көз алдыңа елестету деген сөз, өмірдің кейбір сәттерін көз алдыңнан өткізу» деп пайымдағанындай, өмірдегі қандай да болмасын құбылыс немесе жан-дүниенің тебіренісін «тілдегі тамаша суреттілік пен қалам тиген жерін өмірдің өзіне айналдыра білушілік шеберлікпен» (Зейнолла Қабдолов) жан толқытып, рахатқа бөлер табиғаттың тылсым сұлулығы мен махаббат сезімінің тіл жеткізіп айтқысыз шаттық-мұңын оқырманның айызын қандыра, ойын сөзбен кестелеп жеткізе білетін ерекшелігі, осы Кассирер мен Лосевтегі адамның рәміз тудырушылық немесе заттарға ат қою, есім беру, рәміз тудыру, сол арқылы дүниемен ерекше қарым-қатынас жасау, тілдесу сияқты бүгінде өнер, соның ішінде поэзияда біршама жақсы сақталған қасиеттер қатарына жатады.

Библиография

Аль-Фараби, 1973. ‘Философские трактаты’. Алма-Ата, Наука, с. 78.

Аристотель. ‘Метафизика. Книга первая’. [Электронный ресурс]. URL:// https://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/arist/metaf01.php (дата обращения: 06.07.2018).

Әуезов, М. 1997. ‘Философия жайынан’. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1 том. Алматы, Ғылым, 81 б.

Байтұрсынов, А. 2013. ‘Қазақ тіл білімінің негіздері. Әдебиет танытқыш кітабы’. Алматы, Ана тілі, 356 б.

Байтұрсынұлы, А. 2013. ‘Алты томдық шығармалар жинағы’. Бірінші том. Алматы, Ел-шежіре, 162 б.

Есім, Ғ. 1996. ‘Поэзия мен философияның сәйкес келу сәттері’. Сана болмысы. 2-том. Алматы, Ғылым, 105 б.

Кассирер, Э. ‘Опыт о человеке: Введение в философию человеческой культуры’. [Электронный ресурс] URL://http://anthropology.ru/ru/text/kassirer-e/opyt-o-cheloveke-vvedenie-v-filosofiyu-chelovecheskoy-kultury (дата обращения: 06.07.2018).

Касымжанов, А.Х. 1982. ‘Абу-Наср аль-Фараби’. М., Мысль, с. 194.

Кенни, Э. 2018. ‘Батыс философиясының жаңа тарихы’. Антика философиясы. 1-том. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 13 б.

Лосев, А. 1990. ‘Философия имени’. М., Издательство Московского университета, 177 с.

Мұсаева, Н. 2014. ‘Асқар әлемінен бір үзік сыр’. *Жұлдыз*. №1, бб. 139–154.

Нұрғали, Р. 2003. ‘Әдебиет теориясы. Аристотель. Поэтика. Нұсқалық’. Астана, Фолиант, 15 б.

Оңғарсынова, Ф. ‘Күн ғұмырлы тағдыр – жыр’. [Электронды ресурс] URL://https://adebiportal.kz/kz/news/view/14578 (дата обращения: 09.02.2016).

Орешкин, А. ‘Эрнст Кассирер: символ как основа человеческой культуры’. [Электронный ресурс] URL://https://e-notabene.ru/psp/article_346.html (дата обращения: 06.07.2018).

Хайдеггер, М. 2006. ‘Философия дегеніміз не?’. *Классикалық емес батыс философиясы*. 13-том. Алматы, Жазушы, 135 б.

Transliteration

Al-Farabı, 1973. ‘Fılosofskıe traktaty’. Alma-Ata, Naýka, c. 78.

Arıstotel. ‘Metafızıka. Knıga pervaıa’. [Elektronnyı resýrs]. URL:// https://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/arist/metaf01.php (data obraenıa: 06.07.2018).

Áýezov, M. 1997. ‘Fılosofıa jaıynan’. Shyǵarmalarynyń elý tomdyq tolyq jınaǵy. 1 tom. Almaty, Ǵylym, 81 b.

Baıtursynov, A. 2013. ‘Qazaq til biliminiń negizderi. Ádebıet tanytqysh kitaby’. Almaty, Ana tili, 356 b.

Baıtursynuly, A. 2013. ‘Alty tomdyq shyǵarmalar jınaǵy’. Birinshi tom. Almaty, El-shejire, 162 b.

Esim, Ǵ. 1996. ‘Poezıa men fılosofıanyń sáıkes kelý sátteri’. Sana bolmysy. 2-tom. Almaty, Ǵylym, 105 b.

Kassırer, E. ‘Opyt o cheloveke: Vvedenıe v fılosofıý chelovecheskoı kýltýry’. [Elektronnyı resýrs] URL://http://anthropology.ru/ru/text/kassirer-e/opyt-o-cheloveke-vvedenie-v-filosofiyu-chelovecheskoy-kultury (data obraenıa: 06.07.2018).

Kasymjanov, A. 1982. ‘Abý-Nasr al-Farabı’. M., Mysl. C. 194.

Kennı, E. 2018. ‘Batys fılosofıasynyń jańa tarıhy’. Antıka fılosofıasy. 1-tom. Almaty, Ulttyq aýdarma bıýrosy. 13 b.

Losev, A. 1990. ‘Fılosofıa ımenı’. M., Izdatelstvo Moskovskogo ýnıversıteta. S. 177.

Musaeva, N. 2014. ‘Asqar áleminen bir úzik syr’. *Juldyz*, №1, bb. 139–154.

Nurǵalı, R. 2003. ‘Ádebıet teorıasy. Arıstotel. Poetıka. Nusqalyq’. Astana, Folıant, 15 b.

Ońǵarsynova, F. ‘Kún ǵumyrly taǵdyr – jyr’. [Elektrondy resýrs] URL://https://adebiportal.kz/kz/news/view/14578 (data obraenıa: 09.02.2016)

Oreshkın, A. ‘Ernst Kassırer: sımvol kak osnova chelovecheskoı kýltýry’. [Elektronnyı resýrs] URL://https://e-notabene.ru/psp/article_346.html (data obraenıa: 06.07.2018).

Haıdegger, M. 2006. ‘Fılosofıa degenimiz ne?’. Klassıkalyq emes batys fılosofıasy. 13-tom. Almaty, Jazýshy, 135 b.

Резюме

Меирбаев Б., Куранбек А., Оразхан Т. Философия и поэзия

В статье рассматривается проблема соотношения философии и поэзии как специфических способов познания мира и форм бытия слова в их сходстве и различии. На основе сопоставительного анализа теории и методологии развития мировой философии и искусства словесности в отечественном литературоведении рассматривает вопрос о природе и особенностях философского знания. В работе показано, что поэтическое мышление и способность создавать символы являются как уникальной особенностью человека, так и одной из духовных основ изучения мира и изображения действительности, и сегодня они остаются одними из наиболее хорошо сохранившихся качеств поэзии.

Ключевые слова: философия, бытие, поэзия, язык, логика, поэтическое мышление, чувственное познание, художественная интуиция, символ.

Summary

Meirbayev B., Kuranbek A., Orazkhan T. Philosophy and Poetry

The article discusses the relationship between philosophy and poetry as specific ways of understanding the world and the ways in which words are similar and distinct. Based on a comparative analysis of the theory and methodology of the development of the world philosophy and the art of literature in national literary studies, the article examines the question of the nature and features of philosophical knowledge. The paper shows that poetic thinking and the ability to create symbols are both a unique feature of humans and one of the spiritual foundations of the study of the world and the representation of reality, and today they remain one of the best-preserved qualities of poetry.

Keywords: Philosophy, Being, Poetry, Language, Logic, Poetic Thought, Sensual Knowing, Artistic Intuition, Symbol.